

Шектеу іс-шараларын енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Ақбұлақ селолық округі әкімінің 2010 жылғы 30 қарашадағы N 1 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы әділет басқармасында 2010 жылғы 13 желтоқсанда N 7-13-135 тіркелді. Күші жойылды Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Ақбұлақ селолық округі әкімінің 2012 жылғы 18 қаңтардағы N 1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Ақбұлақ селолық округі әкімінің 18.01.2012 N 1 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі N 339 "Ветеринария туралы" Заңдарын басшылыққа алып, Шыңғырлау ауданының мемлекеттік ветеринариялық бас инспекторының 2010 жылғы 18 қарашадағы N 429 ұсынысына сәйкес, бруцеллез ауруының әлеуметтік қауіптілігін ескере отырып, осы ауруға қарсы эпизоотиялық шаралардың орындалуын қамтамасыз ету және округте тұрғындарды бруцеллез ауруынан сақтандыру мақсатында **ШЕШІМ Е Т Е М І Н :**

1. Қой мен ешкі малы арасында бруцеллез ауруының тіркелуіне байланысты Ақбұлақ селолық округі аумағына 2011 жылдың 1 қаңтар айынан бастап шектеу іс - ш а р а л а р ы е н г і з і л с і н .

2. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Шыңғырлау аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау Комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті Шыңғырлау ауданы бойынша мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы" мемлекеттік мекемесімен (келісім бойынша), Батыс Қазақстан облысының әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Шыңғырлау аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнымен (келісім бойынша) бірлесе отырып шаруашылық-ұйымдастыру, санитарлық және арнайы ветеринарлық мал-дәрігерлік шараларын уақытылы және толық орындалуын қамтамасыз ету ұ с ы н ы л с ы н .

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау селолық округі әкімі аппаратының бас

маманы Б. Қодароваға жүктелсін.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Округ әкімі

С. Ұржанов

КЕЛІСІЛДІ:

Батыс Қазақстан облысының
әкімдігі денсаулық сақтау
басқармасының "Шыңғырлау
аудандық орталық ауруханасы"
мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорнының
д и р е к т о р ы
_____Қалмен Толыбай Қалменұлы

30.11.2010 ж.

"Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
Агроөнеркәсіптік кешендегі
мемлекеттік инспекция
комитетінің Шыңғырлау
аудандық аумақтық инспекциясы"
мемлекеттік мекемесінің
б а с т ы ғ ы
_____Досқазиев Сайн Төлегенұлы

30.11.2010 ж.

"Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Мемлекеттік санитарлық-
эпидемиологиялық қадағалау
Комитетінің Батыс Қазақстан
облысы бойынша департаменті
Шыңғырлау ауданы бойынша
мемлекеттік санитарлық-
эпидемиологиялық қадағалау
басқармасы" Мемлекеттік
мекемесінің бастығы
_____Сабилов Ермек Хатимұлы

30.11.2010 ж.

